

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ-нің

**Мектеп психологінің
жыл бойы атқарған жұмысының
қорытынды
ТАЛДАУЫ**

**Педагог-психолог Косымова А.К.
2022-2023 оқу жылы**

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ-нің
2022-2023 оқу жылы бойынша мектеп психологінің жыл бойы атқарған
жұмысының қорытынды
ТАЛДАУЫ

«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы негізінде психологиялық қызмет жұмысы атқарылды. 5 бағыт бойынша жоспар құрылды. Атап айтсақ, олар:

1. Диагностикалау бағыты
2. Түзету-дамыту бағыты
3. Профилактика және психологиялық ағарту
4. Консультация беру
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс

Психологиялық қызметтің мақсаты- білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік –психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

1. Психологиялық-диагностикалық бағыт атқарылған жұмыстарға тоқталсақ. Қыркүйек, қазан айларында жоспар бойынша 1-5 сынып оқушыларының бейімделу процесін зерттеу бойынша диагностикалау жұмыстары жүргізілді. 1- сынып оқушыларының мектепке психологиялық дайындығын анықтау мақсатында «Керн Йерасик» әдістемесімен зерттеу жұмысы алынып, нәтижесі шығарылды. Зерттеуге барлығы 8 оқушы қатысты, 3 оқушы 6 ұпайдан жинап жоғары деңгей, 2 оқушы 7 ұпаймен орта деңгейден жоғары, 2 оқушы орта, 1 оқушы төмен деңгейді көрсетті. 7-11 сынып оқушыларынан жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықты алдын алу мақсатында сауалнама алынды. Қорытындысы талданды. Нәтижесінде оқушылар арасында буллингтік іс әрекеттер анықталған жоқ. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын анықтау мақсатында «Н.Г. Лусканова» әдістемесі алынды. Әр сынып бойынша төмен деңгей көрсеткен оқушылармен түзету-дамыту сабақтары жоспар бойынша өткізілді.

Қараша айында 4,5,6 –сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынасты зерттеу бойынша «Дж. Морено» социометрия әдістемесімен сауалнама алынды. Мақсаты: сынып оқушылары арасында лидер және шеттеп қалған оқушыны, шағын топтарды анықтау. Сауалнамаға барлығы 37 оқушы қатысты. Мектеп ұжымынан TALIS сауалнамасы 11,18, 24 –ші тараулары бойынша алынды. Сауалнамаға барлығы 25 педагог толық қатысты. Сауалнама нәтижесі талданып, анықтамасы аудандық білім бөліміне жіберілді. Республикалық «Qabilet» қызметі 10-11 жастағы балалардың қабілет деңгейін анықтау диагностикасына 5 оқушы тіркеліп, тестілеуден өтті.

Желтоқсан айында 1-сынып оқушыларының мектепке және сынып жетекшісіне қарым-қатынасын анықтау мақсатында «Менің мектебім» сурет

әдістемесі алынды, нәтижесі шығарылды. 3-9-сынып оқушыларының психологиялық денсаулығын зерттеу, агрессия, мазасыздық, өзін-өзі бағалау деңгейін диагностикалау бойынша тест, сауалнама жұмыстары алынды. Оқушылардың бойында өзін-өзі тану мотивациясын құру; өзін-өзі тану, рефлексияны дамытуға ықпал ету. 5-11-сыныптар, 1.«Тұлға типтерін анықтау»

Дж. Голланд сауалнамасы алынды. Қорытындысы шығарылды.Е.А.Климов «Дифференциалды –диагностикалық сауалнамасы. Танымдық қызығушылықтың диагностикасы» А.Е. Голомшток 9-11-сынып барлығы 15 оқушы қатысты. Жасөспірімдердің эмоционалдық еріктік аймағын анықтау Басса –Дарки тесті алынды. 8-11 сынып аралығында 32 оқушы қатысты.

Қаңтар айында «Жанұя Отбасын қолдау орталығы» Қоғамдық Қоры орталығы жайлы ата-аналармен түсіндірме жұмысы жүргізілді және тест тапсыратын 8-11 сынып оқушыларының ата-аналарынан келісім өтініші алынды.

<https://www.instagram.com/p/Cq5TaZQN0Eg/?igsh=MTJsdWY1MzNsOGszcQ=>

2023 жылдың ақпан айының 9-16 күндері аралығында мектеп директорының 1 ақпан 2023 жыл № 8 бұйрығы негізінде оқушылардың сабақ үлгерімі төмендігінің себебін анықтау үшін психологиялық зерттеу жұмысы жүргізілді.Бақылау жұмысына бекітілген комиссия құрамы толық қатысты.

<https://www.instagram.com/p/CchasDABsh/?igsh=emN2dDdtjdJqcWpy>

Бақылау мақсаты: оқушылардың сабақ үлгеріміне әсер етуші қиындықтарды анықтай отырып, оқушыларға психологиялық қолдау көрсету және түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу. Бақылау диагностикалық және түзету-дамытушылық бағыттары бойынша жүргізілді.

Бақыланған сыныптар: 2-10 сыныптар.Жалпы мектеп бойынша үлгерімі төмен оқушылар 31,8% көрсетті.

Диагностикалық бағытта бастауыш сынып оқушыларынан Н.Г.Лусканованың оқу мотивациясын анықтауға арналған сауалнамасы алынды.Сауалнама нәтижесі бойынша 2-сыныпта 1 оқушы, 3-сыныпта 1 оқушы, 4-сыныпта 2 оқушы 10-14 ұпай төмен мектептік мотивация көрсетті.Сынып жетекшілерімен жүргізілген сұхбат, алынған анкеталық сұрақ негізінде бұл оқушыларға үйде ата-ана тарапынан қолдау мен қадағалаудың қажет екендігі анықталды.

4- сынып оқушыларының логикалық ойлауының және интеллектуалдық қабілетінің даму деңгейін анықтауда А.З.Зак ұсынған «Оқушылардың ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді.Бұл әдістеме екі тапсырмадан тұрады. Біріншісі «Анаграммалар», ал екіншісі «22 есеп» деп аталады. Оларды ретімен орындау нәтижесінде баланың абстракциялық ойлауының орын алуы, шешу жолын білмейтін мәселелерді орындауға бейімдейді. Диагностика жұмысына барлығы 14 оқушы қатысты,

нәтижесінде 5оқушы логикалық ойлау қабілетінің төмен деңгейін көрсетті.
<https://www.instagram.com/p/Cow7yDeNZxx/?igsh=MWE2ZjUzeGkyeHZkbA==>

5-10 сынып оқушылармен есте сақтау қабілетін анықтауға «Суреттерді есте сақта», зейінді анықтайтын «Белгілерді орналастыр» әдістемесі, оқушылардың жылдам логикалық ойлауын дамытуға «Сөредегі кітаптар» әдістемесі алынды. Диагностикалық жұмыстардың нәтижесі талданып, жекелей анықтамалары жазылды. Қорытынды. Сыныптар бойынша үлгері төмен оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:
2-сыныпта 33,3%, 3- сыныпта 28,5%, 4-сыныпта 35%, 5-сыныпта 47%, 6-сыныпта 20%, 7-сыныпта 23%, 8-сыныпта 23,5%, 9- сыныпта 37%, 10- сыныпта 25%.

Оқушының білім алуда үлгермеуінің себептері: Оқушылардың көпшілігі оқу бағдарламасын қиындықпен, ал кейбіреуі негізгі пәндерден ұзақ уақыт бойы үлгермейді. Оның себебі әр баланың қабылдау деңгейіне де байланысты. Сонымен қатар өткен оқу жылындағы және әр тоқсанда өтілген оқу мақсаты күрделі тақырыптардағы орын алған олқылықтардың ескерілмеуі. Ата-ана тарапынан да үнемі қадағалаудың болмауы себептерінен де оқушының оқу үлгерімі төмендейді.
Наурыз айында 9-сынып оқушыларына кәсіптік бағдарға қолдау көрсету мақсатында «Сіз қандай мамандыққа лайықсыз?», «Сіз байқампазсыз ба?» тест әдістемелері жүргізілді. Барлығы 8 оқушы қатысты. Әдістеменің интерпретациясы бойынша 3 оқушы жоғары деңгей, 5 оқушы орта деңгейді көрсетті.

2023 жылдың 29 наурыз күні «Жанұя Отбасын қолдау орталығы» Қоғамдық Қоры орталығы бойынша 8-11 сынып оқушылары онлайн форматта тест тапсырды. Бағдарлама мақсаты - зорлық-зомбылықтың кез келген түріне: физикалық, психологиялық, буллинг және басқа да зорлық-зомбылық түрлері, суицидке бейімділігі бар балаларды сондай-ақ отбасындағы жағымсыз психологиялық климатқа ұшыраған балаларды анықтауға арналған. Жалпы тест тапсырған оқушы саны 32. Қатыспағаны жок. №1. «Ресурс» тесті бойынша

I-санатты- 1, II-санатты 5, психикалық нормада- 28 оқушы анықталды.
№2. «Сигнал А.Бек» тесті бойынша
I-санатты-2, II-санатты -1, психикалық нормада – 29 оқушы анықталды.
№3. «Буллинг Л.Г. Федоренко» тестінде
I –санатты 0, II- санатты -0, психикалық нормада 32 оқушы анықталды.
№4. «Буллинг Д. Олвеус» тестінде
I- санатты- 0, II-санатты -0, психикалық нормада 32 оқушы анықталды.
Нәтижесінде: №1,2 тесттер бойынша жоғары тәуекел (қызыл аймақ) тобында 1 оқушы ТБ анықталды.
№ 3,4 тесттер бойынша 34 оқушы психикалық норма көрсеткішін көрсетті.

Тест қорытындысы бойынша жұмыс жоспары құрылып сары және қызыл аймақта болған оқушылармен жоспар бойынша жұмыс жүргізілді. Осы жұмыстардың нәтижесінде сары аймақтағы 4оқушы және қызыл аймақтағы 1 оқушы 23-24.05.2023 күндері аралығында қайта тест тапсырып , қауіпсіз жасыл аймаққа өтті.2023 оқу жылдың 10-16 мамыр аралығында 9-сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын анықтау бойынша диагностикалау жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: диагностикалық жұмыстар өткізу арқылы өзін-өзі бағалау деңгейлерін байқау, мамандық түрлерінің адам өміріне әсерін түсіндіре отырып мамандық таңдауына көмектесу, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.

<https://www.instagram.com/p/Cydmc3JtmfS/?igsh=MXM5dmo4Y3AxOHd5Zw=>

=

Сыныпта барлығы 8 оқушы зерттеу жұмысына толық қатысты.Зерттеу жұмысының қорытындысы шағарылды. Зерттеулер нәтижесі кәсіптік бағдар бойынша қоғамдық гуманитарлық бағытын таңдап отыр. Пәндер бойынша оқу мотивациясы жоғары пәндер: қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, қазақстан тарихы.

II.Дамыту және түзету жұмыстары.

Қыркүйек айында 1-сынып және МАД оқушылармен түзету-дамыту жұмысы жүргізілді.Мақсаты, бейімделуге қиналған оқушыларға психологиялық қолдау көрсету. «Не жетпейді?» әдістемесі, «Шатасқан сызықтар» , «не жоғалды?» т.б. әдістемелері. Орта буынға өткен 5-сынып оқушыларының бейімделу процесінде қиналған оқушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатымен «Мен және 5-сынып» тренингісі мен есті дамытуға арналған жаттығулар мен тапсырмалар орындатылды.Қазан айында жасөспірімдік шақтағы мінез-құлық өзгерістерімен жұмыс бойынша 7-8 сынып оқушыларымен «Жаксы көңіл-күй сыйлайық» тренингісі жүргізіліп, оқушылармен жағымды көңіл-күй ахулы қалыптастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CnwRRsWglNt/?igsh=MXNna2ltbXNyZzNrcQ==>

Желтоқсан айында 4-10 сынып аралығында оқушылардың зейінін дамытуға бағытталған түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Шульте кестесіндегі сандарды тауып айту арқылы зейіндері тұрақталып, жылдап оқу қабілеттері артып, есте сақтау қабілеттері дами түсті. «Бұзылған телефон» жаттығуы оқушылардың ақпаратты жылдам қабылдап, жеткізу белсенділіктерін арттыруға бағытталған.Дарынды оқушылардың тұлғалық өсу динамикасын дамытуға арналған тренинг сабақтары жүргізілді. «Адамның конструктивті суреті» әдістемесі.Мақсаты: даралық типтік өзгерістерді анықтау. «Психометриялық типология» зерттеуі оқушылардың жеке тұлға ретінде мінез-құлық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. 4 сәуір күні 10-сынып оқушыларымен «Дос және достық» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Тренингке барлығы 10 оқушы толық қатысты.

Мақсаты: Оқушылар арасында жағымды қарым-қатынас орнату, бір-бірін сыйлауға, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету, коммуникативті өрісті дамыту. 2023 жылдың 15 мамыр күні 9-10-сынып оқушыларынан тұлғалық қобалжудың деңгейін төмендету мақсатында Э.Ховардтың «Стресс саған қалай әсер етеді?» әдістемесі алынды. Қорытынды: қызыл аймақта анықталған оқушылардың қобалжу деңгейлері қалыпты деңгейді көрсетті. Тұңғышбай А II топ 22 балл орташа деңгей.

III. ПРОФИЛАКТИКА-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ бағыты

Қыркүйек айында 5-ші сынып оқушыларының мектепке беймазалықтың нысанын және деңгейін анықтау мақсатында Филипптің «Мектепке беймазалық» сауалнамасы жүргізілді. Зерттеу жұмысына 19 оқушы қатысты. Оқушылардың бойынан жоғары мазасыздану белгілері байқалған жоқ. 5-7 сынып оқушыларына достық қарым-қатынасты құрып үйренеміз тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылар арасында кикілжіндермен араздықтың алдын алу. Қазан айында 5-7 сыныптары оқушылары арасында «Қарым-қатынасты құруға үйренеміз» тақырыбында дәріс оқылды. Қараша айында мектеп ұстаздарымен топта эмоциялық жайлылық қалыптастыру үшін «Сезімнің сыртқы көріністерін көрсете білу» тақырыбында қолдау жұмысы жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/CdOVEbSglM1/?igsh=MW52eGk0YjB3dThtdQ==>
«Алманы жұлып ал», «Жазу машинасы», «Арқа мен арқа», «Агрессияны түсіру» т.б. психотехникалық ойындар ойнатылды. Қаңтар айында тәрбие орынбасарымен бірлесіп, 7-11 сынып оқушыларымен құқықбұзушылықтың профилактикасы, жыныстық қолсұғылмаушылықты болдырмау жұмыстары бойынша дәрістер оқылды. Наурыз-сәуір айларында салауатты өмір сүре білуге, адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі дерттен сақ болуға, одан қорғана білу туралы 1-11 сынып оқушылары мен ата-аналарымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылардың «қауіп тобын» анықтау мақсатында тест жұмыстары алынды.

Мамыр айында Ресурс орталығы тесті бойынша қызыл және сары аймақта анықталған 8-10-сынып оқушыларымен Ш.А. Турымбекова «Сезімдер қайда ұялайды?»-арт-терапиясы жүргізілді.

Мақсаты: тұлғалық қуану, реніш, қобалжу, қорқыныш сезімдері кезіндегі жай-күйін анықтау және оны қалыпты нормаға түсіру.

<https://www.instagram.com/p/CZf-BYqK6K8/?igsh=enV6eWo0aWtqNXhw>

IV. Психологиялық кеңес

-«Ерекше білімді қажет ететін» балаларды оқытудағы қиындықтарды жеңу жолдары жайлы пән мұғалімдеріне кеңестер берілді. Жыл бойына сұраныс

бойынша жоспарға сәйкес қажеттілікке қарай мектеп оқушылары және олардың ата-аналарына психологиялық кеңестер берілді. Қорытынды аттестаттау және ҰБТ тапсыратын 9-11 сынып оқушыларына емтихан кезінде өз-өздеріне деген сенімділікті арттырып, қорқыныш сезімін болдырмауға кеңестер берілді. Байқауларға қатысатын оқушыларға «Қобалжу сезімінен қалай арыламыз?» психологиялық кеңес берілді. Ата-аналарға емтихан, ҰБТ кезінде балаларына қолдау көрсету бойынша кеңестер берілді. <https://www.instagram.com/p/CnM3QcXNjbn/?igsh=MTlvZ2dzMXBla2w1dw==>

V. Ұйымдастыру- әдістемелік жұмыс.

Қазан айында 7,8,9 –сынып оқушыларымен өзін-өзі тану және даму тәсілі, көңіл-күй эмоциясын реттеу мақсатында «Мен өмірді тандаймын» бейнеролик көрсетілді. Зунг шкаласы әдістемесімен көңіл-күй деңгейлері анықталды. Тәрбие орынбасарымен бірлесіп «Зиянды әдеттер және одан аулақ болу» тақырыбында әңгіме түсіндірме жұмысы жүргізілді. <https://www.instagram.com/p/CelTIHPN7P9/?igsh=MmVtYWliazdtZXIz>

Аудан ұстаздарымен ұйымдастырылған семинарда «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тақырыбында тренинг жүргізіліп, ұстаздарға жағымды көтеріңкі көңіл-күй сыйланды. 4-11 сынып оқушыларымен «Буллинг және оның түрлері» тақырыбында дәріс сабағы өткізілді. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық алдын-алу мақсатында «Егер сен қиын жағдайға тап болсаң...» оқушыларға жадынама берілді, сауалнамалар алынды. Оқушыларды зиянды әдеттердің алдын алу жұмысы бойынша 7-11 –сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

<https://www.instagram.com/p/CnwR5rFA6hv/?igsh=MTA4am03cnprZnU2aA==>
2023 жылдың 21 сәуірі күні аудан психологтары мен арнайы мамандарының қатысуымен «Білім мекемелерінде педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін ұйымдастыру жолдары » тақырыбында семинар өтті. <https://www.instagram.com/p/CelTIHPN7P9/?igsh=MmVtYWliazdtZXIz>

Семинар модераторы аудандық әдістемелік кабинеттің әдіскері Абенова Перизат Қуанышқызы қатысты. Жоспарланған бағдарлама бойынша семинар жоғары дәрежеде мақсатты тиімді жұмыстармен өткізілді. Мектеп психологі А.Косымова «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тақырыбында тренинг жүргізіліп, ұстаздарға жағымды көтеріңкі көңіл-күй атмосферасы қалыптастыра білді.

<https://www.instagram.com/p/CrVknrbtewc/?igsh=MWJwOGk4bmZvcGp4Yw==>

Мектеп психологы А.К.Косымова сәуір айында өткен Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастыруымен « Психологиялық тұрғыда зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбындағы онлайн марафонға қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленді. Сонымен қатар, «Өрлеу» Біліктілікті арттыру орталығы АҚ Республикалық кәсіби даму институты жинағына «Қарым-қатынас психологиясы» тақырыбында мақаласы жарияланды.

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2022-2023 оқу жылының
 қорытындысы бойынша психологиялық қызметтің SWOT талдауы

Мықты жақтары	Мүмкіндіктер
Психолог тарапынан әрдайым білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауы, қолайлы әлеуметтік –психологиялық жағдай жасауы, қолдауы. Жоспар бойынша жұмыстардың дұрыс атқарылуы. Мектеп психологінің өз біліктілігін уақытылы жетілдіруі. Аудандық әдістемелік жұмыстарға белсенді қатысуы. Білімінде, тәрбиесінде қиындық туғызатын оқушылардың болмауы.	Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жандандыру. Жыл бойы атқарылған жұмыстағы кемшіліктерді, келер оқу жылы жоспарында ескеру
Әлсіз жақтары	Ұсыныстар
Бірлескен ұйымдастырушылық және профилактикалық жұмыстардың жүйелі жоспарланбауы. Жоспардағы кейбір жұмыстардың толық атқарылмай калуы. Арнайы бөлінген сағаттың болмауы.	Әрбір диагностикалық жұмыс кезінде оқушылардың шынайы және жауапкершілікпен тапсыруын қадағалауға сынып жетекшілерінің де назарында болса. Ата-аналармен тығыз байланысты орнатуға арналған шараларды көп өткізуге келер оқу жылының жоспарына енгізу.